

**2011 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының селолық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық маслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 29-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 қаңтарда N 13-9-127 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 22 желтоқсандағы N 39-4 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық мәслихаттың 2011.12.22 N 39-4 Шешімімен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 15-тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 7-бабы 3-тармағы, 4-тармақшасына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесінің 2-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, бірақ өтініш берген сәтінде бір мың бес жүз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2011.08.04 N 34-2 Шешімімен**

2. 2011 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік

қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына өтініш беру кезеңіне жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы ұсынылсын.

3. Ауыл аймақтарын дамыту бойынша уәкілетті орган ретінде аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі осы шешімді жүзеге асыру бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*А. Сапаров*

*В. Гюнтнер*

*К Е Л І С І Л Д І :*

*Аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бастығы Р. Смағұлов*